

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 3 (2025)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/SSBG3232>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/PQBZ6220>

**К. Б. Жаксыликова¹, С. А. Оданова², А. Ж. Үдербаев³,
*Р. М. Ускенбаева⁴, Г. К. Шахажанова⁵**

^{1,2,3,4,5}Қ. И. Сәтбаев атындағы Қазақ

ұлттық техникалық зерттеу университеті,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-1349-4981>

²ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2939-7198>

³ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-1787-8624>

⁴ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-0401-611X>

⁵ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-8750-0769>

*e-mail: r.uskenbayeva@satbayev.university

ТРАНСЛИНГВИЗМ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛІ: ЖАҢАНДЫҚ ТӘЖІРИБЕ МЕН ҰЛТТЫҚ САБАҚТАСТЫҚ

Мақалада тілдерді екінші немесе шет тілі ретінде оқытудың жаңа бағытының бірі – транслингвизм, яғни тілді транслингвалды оқыту мәселесінің зерттелуін зерделеу негізінде қазақ тілін түркітілдес білімгерлерге транслингалды тәсіл арқылы оқытудың ғылыми-теориялық негіздерін айқындау мәселесі қарастырылады. Мақаланың мақсаты – қазақ тілін түркітілдес білімгерлерге транслингалды тәсіл арқылы оқытудың ғылыми-теориялық негіздерін айқындап, басты қағидаларын анықтау болып табылады. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін аталған мәселе бойынша әр жылдары алыс-жақын шетелдік, отандық лингвистика және әдістеме ілімінде шыққан ғылыми-теориялық, ғылыми-әдістемелік еңбектер мен ғалымдардың озық тәжірибелерімен танысып, талдай келе, жалпы тілдерді шет тілі және екінші тіл ретінде транслингвалды аспектіде оқыту мәселесінің зерттелуіне шолу жасалынды. Отандық тіл білімінде, әлеуметтік лингвистикада кейінгі кезде транслингвизм ұғымы пайда болғанымен, әдістеме саласына бұл ұғым әлі ене қойған жоқ. Сондықтан отандық және шетелдік зерттеушілер еңбектеріндегі транслингвалдық тәсілдің басты ұғымы, мәні мен типологиясын зерделеу; жаһандық тәжірибе мен ұлттық сабақтастық негізінде оқытудың транслингвалды тәсілін

қазіргі отандық лингводидактиканың теориялық және әдіснамалық аппаратына енгізудің маңыздылығын айқындау бағытында оиандық, алыс және жақын шет елдік ғалымдардың іргелі ғылыми жұмыстарына еңбектеріне теориялық әдіснамалық қырынан шолу жасалынды. Соның нәтижесінде тілдерді транслингалды аспектіде оқытудың дәстүрлі оқыту жүйесінен ерекшелігі анықталып, ғылыми-теориялық негіздері айқындалды.

Кілтті сөздер: транслингалды аспект, транслингвизм, көптілділік, кодаралық, қазақ тілі, екінші тіл, парадигма.

Кіріспе

Қазақстанның білім беру жүйесінің контекстінде қос тілді және көптілді білім беру ісі маңызды аспектілер болып табылады. Елімізде ресми тіл – қазақ тілі, бірақ орыс, ағылшын тілдері білім беру мен қоғамдық өмірдің әртүрлі салаларында да кеңінен қолданылады. Соңғы жылдары қазақ тілін шет тілі және екінші тіл ретінде оқыту мәселесіне басты назар аударылуда.

Қазақ тілін шет тілі және екінші тіл ретінде оқытуды жетілдіру – кешенді тәсілді және сан алуан әдіс-тәсілдерді қолдануды талап ететін маңызды міндет. Бұл өз кезегінде оқыту әдістерін үнемі дамытып, жетілдіруді, білімгерлердің нақты қажеттіліктеріне бейімделуді және заманауи білім беру технологияларын ұтымды қолдануды талап етеді. Елімізде қазақ тілін түркітілдес студенттерге шет тілі және екінші тіл ретінде деңгейлеп оқытуға белсенді түрде күш салынып жатқанымен, қоғамдық-әлеуметтік, оқу және тұрмыстық қатынаста қазақ тілі білімгерлердің күнделікті қарым-қатынас тіліне толық айнала алмай отырғаны белгілі. Бұл жағдай қазақ тілін оқытудың жаңа жолдарын, әдіс-тәсілдерін іздестіру талабын қажет етті. Осындай жаңа бағыттағы оқу жолының бірі – қазақ тілін түркітілдес студенттерге транслингвалды аспектіде оқыту.

Қазіргі таңда студенттердің оқу әрекетінің белсенділігін арттыру және танымдық әрекетті жандандыратын тәсілдерге ерекше көңіл бөлу – ең негізгі мәселе болып отыр. Сондықтан да «транслингвалды аспектіде оқыту» осы мәселелерді шешудегі басты ұғым болып табылады. Берілген ұғымды зерттеу бір жағынан, жалпы тілді екінші тіл ретінде оқытып үйретуді жандандыру, екінші жағынан, қазақ тілін түркітілдес студенттерге транслингвалды аспектіде оқытудың ғылыми-теориялық негізін айқындауға байланысты негізгі мәселелерді шешудің көзі болып табылады.

Әлемдік лингвистика және лингводидактика ілімінде, алыс-жақын шет елдердің педагогикалық тәжірибесінде аталған мәселе жан-жақты зерттеліп, біраз жетістіктерге жеткенін және соның нәтижесінде ғылыми еңбектер

жарық көргенін атап айту қажет. Отандық лингвистика ілімінде де соңғы кезде осы мәселе төңірегінде бірлі-жарым мақалалар жарық көрді.

Ғылыми зерттеудің басты мақсаты – қазақ тілін түркітілдес студенттерге транслингвалды аспектіде оқытудың ғылыми-теориялық негізін айқындау. Қойылып отырған мақсатқа жету үшін келесі міндеттер жүзеге асырылады:

- алыс-жақын шетелдік ғалымдардың ғылыми-теориялық, ғылыми-әдістемелік еңбектерімен және озық тәжірибелерімен танысып, талдай келе, жалпы тілдерді шет тілі және екінші тіл ретінде транслингвалды аспектіде оқыту мәселесінің зерттелуіне ретроспективті шолу жасау;

- алыс-жақын шетелдік зерттеушілер еңбектеріндегі транслингвалдық тәсілдің басты ұғымын зерделеп, анықтамасын нақтылау;

- жаһандық тәжірибе мен ұлттық сабақтастық негізінде оқытудың транслингвалды тәсілін қазіргі лингводидактиканың теориялық және әдіснамалық аппаратына енгізудің маңыздылығын айқындау.

Отандық тіл білімінде, әлеуметтік лингвистикада кейінгі кезде транслингвизм ұғымы пайда болғанымен, қазақ тілін оқыту әдістемесі ғылымына да, оның теориясы мен әдіснамасына да бұл ұғым әлі ене қойған жоқ. Бұл жағдай жаһандық тәжірибені зерделей келе, ұлттық сабақтастық негізінде қазақ тілін түркітілдес студенттерге транслингвалды аспектіде оқытудың ғылыми-теориялық негізін зерттеуге түрткі болды.

Материалдар мен әдістері

Мақала мақсатына сай берілген зерттеу барысында жинақтау, зерделеу, салыстырмалы әдіс, статистикалық, талдау әдістері қолданылды. Бұл мақалада транслингвизм, транслингвалдық аспектіде оқыту тақырыбы бойынша әр түрлі басылымдарда әр жылдары жарық көрген алыс, жақын шетелдік, отандық ғылыми теориялық, әдістемелік зерттеулер, мақалалар зерделеніп, оларға жасалынған жалпы шолуымыздың нәтижесі ұсынылды. Зерделенген жарияланымдар негізгі мазмұны бойынша жинақталып, талданды және салыстырылды. Бұл жұмыс зерттеуімізге қажетті бірқатар негізгі идеялар мен тұжырымдамаларды айқындауға, соның нәтижесінде қазақ тілін түркітілдес студенттерге транслингвалды аспектіде оқытудың ғылыми-теориялық негізін айқындауға мүмкіндік берді.

Нәтижелер және талқылау

Қазақ тілін екінші немесе шет тілі ретінде оқытып үйретудің, оның ішінде қазақ тілін түркітілдес студенттерге транслингвалдық аспектіде оқытудың ғылыми-теориялық негізін, басты қағидаттарын айқындауда алдымен транслингвизм мәселесін зерттеген алыс-жақын шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектеріндегі «транслингвалдық», «транслингвалды аспектіде оқыту» деген ұғымға түсінік беріп алу қажет деп ойлаймыз. Сол

арқылы қазақ тілін түркітілдес студенттерге транслингвалды аспектіде оқытудың ғылыми-теориялық негізін, басты қағидаттарын айқындауға мүмкіндік аламыз.

Транслингвалдық – бұл сөз транс- «арасы» және «тілдерге қатысты» деген мағынаны білдіретін «лингвалды» сөзінен шыққандықтан «тілдердің арасы» дегенді білдіреді. Бұл термин тілдер мен кодтарды араластыру және өзгерту процесі нәтижесінде пайда болғандықтан барлық тілдік қолданыстарды сипаттайтын ғылыми ізденіс салалары мен екінші тілді меңгеруді зерттеу теориясына қатысты. Ал транслингвалдылық аспектіде оқыту – тілді қатынас құралы ретінде ғана емес, мәдениеттер диалогына, тілдік мәдениетті қалыптастыруға бағыттап оқыту. Транслингвалдық тұжырымы аясында тіл үйрету мақсаты – тұлғаны барлық мәдени және тілдік әртүрлілікпен таныстыру ғана емес, сонымен қатар студентті осы әртүрлілікке қосу, оны мәдениетаралық диалогқа және өз ана тілін ұтымды қолдана отырып, тілдік ортасына түсінікті қатынасты жүзеге асыру болып табылады.

Қазақ тілін түркітілдес студенттерге транслингвалды аспектіде оқытудың ғылыми-теориялық негізін айқындау үшін, алдымен осы мәселенің алыс-жақын шетелде елдерде, отандық ғылымда зерттелу және тәжірибеде қолданылу тарихына шолу жасамақпыз. Сөйтіп, алдымен әлемдік және отандық ғылым саласында транслингвалды аспектіде оқыту идеясының жүзеге асуы, оның өзіндік белгілері мен ерекшеліктеріне тоқталмақпыз.

Әлемдік лингвистика және лингводидактика ілімінде, алыс-жақын шет елдердің педагогикалық тәжірибесінде аталған мәселе жан-жақты зерттеліп, біраз жетістіктерге жеткенін және соның нәтижесінде ғылыми еңбектер жарық көргенін атап айту қажет. Отандық лингвистикада аталмыш мәселе төңірегінде жарық көрген бірлі-жарым еңбектер бар.

Отандық тілші ғалымдар А. К. Абилкасымова, А. Ш. Акжигитова «Транслингвизм мәселелерін зерттеудің теориялық методологиялық негіздері» тақырыбына арналған мақаласында транслингвизм мәселесін әлеуметтік лингвистика тұрғысынан қарастырады. Олар осы мәселеге байланысты ғылыми жұмыстарға және олардың теориялық методологиялық негіздеріне аналитикалық шолу жасай келе, отандық және шетелдік ғалымдардың отбасылық тіл саясаты, транслингвизм, код ауыстыру, транслингвизмдік кеңістік ұғымдары жайындағы ғылыми зерттеулерін талдап, айырмашылықтары мен ерекшеліктерін атап көрсетеді. Ғалымдар әлеуметтік лингвистика тұрғысынан тіл саясатын зерттеудің маңыздылығын ескере отырып, отбасындағы тілдік саясат және оның әсер ететін факторлары, отбасындағы тілдік саясатта қолданысқа ие негізгі стратегияларды жан-жақты талдайды. Сондай-ақ, транслингвизмнің

жастар дискурсында, транслингвизмдік кеңістіктегі орны мен рөлі, себептері айқындалады [1, 200–210-б.].

Тілші ғалымдар А. К. Абилкасымова, А. Ш. Акжигитова, С. С. Әубәкір келесі бір мақаласында транслингвизмдегі дискурсивті тәжірибедегі жастардың күнделікті қарым-қатынастағы таңдау тілін анықтап, тәжірибеде жастардың тілдік репертуарды қолдануын зерделеген. Авторлардың пайымдауынша, жастардың тілдесімде транслингвизмге жүгінуі екі жақты қарым-қатынасты сақтаудың ерекше құралы болып табылады. Ғалымдар өздерінің тәжірибелік жұмысында жүргізген сауалнама нәтижелері негізінде, «жастар дискурсындағы күнделікті қарым-қатынастағы тәжірибелік тіл – транслингвизм және ол мультилингвалды жастар арасында басымдылыққа ие» деген тұжырым жасайды [2, 6–17-б.].

Шетелдік ғылым саласында алғаш рет 1980 жылы қолданысқа енген транслингвизм ұғымы оқытудың стратегиялық тәсілі ретінде қос тілділердің еркін тілдік тәжірибесіне негізделеді және олардың оқу процесін барынша арттыру үшін балалардың бүкіл лингвистикалық репертуарын пайдалануға ынталандырады. Ли Вэй транслингвизмді тәжірибеге негізделген тіл теориясы ретінде анықтайды және оны сөйлеушінің барлық тілдік әлеуетін оның көптілді әлемін түсіндіру үшін пайдалану, оның бір тілден өзгеше тағы бір тілді ойланбай-ақ пайдалануы деп қарастырады [3, 19-б.]. Транслингвизм концепциясын шетелдік лингвистика мен лингводидактикада 1990 жылдардың аяғында алғашқы тәжірибеге енгізгендердің бірі профессор Вивиан Замель болды [4, 341–352-б.].

Транслингвизм ұғымын кейін көптілділік мәселесімен айналысып жүрген көптеген зерттеушілер жан-жақты зерделеп, бұл ұғымның мағынасын кеңейтуге зор үлес қосты. Транслингвизм – студенттердің өздері білетін әртүрлі тілдерді жаңа тілді меңгеруіне ықпал ету үшін көптілді оқыту орталарында белсенді қолданылатын педагогикалық стратегия. Бұл әдіс сөз мағынасын, сөзді, айтылған ойды түсінуді кеңейту және тереңдету, идеялар алмасу және қарым-қатынас жасау үшін студенттер сөйлейтін немесе жазатын барлық тілдерді ұтымды қолдануға ынталандырады. 1994 жылы оқытушы К. Уильямс «транслитерация» ұғымын, уэльс тіліндегі «trawsieithu» шет тілін оқыту тәжірибесіне арнайы термин ретінде енгізген. Бұл идеяны билингвалдық білім беру саласындағы ең ықпалды зерттеушілердің бірі Колин Бейкер және оның әріптестері Г. Льюис, Б. Джонс ғылыми қолданысқа енгізіп, транслингвизм әдісінің төрт артықшылығын анықтайды:

- 1 Өлсіз тілді дамыту
- 2 Оқытылатын тақырыпты тереңірек және толық түсіну
- 3 Оқытылатын тілді меңгеру деңгейі әртүрлі студенттерді интеграциялау/біріктіру

4 Студенттің отбасы мен оқу орны арасындағы байланысты дамытуға және оның оқу үдерісіне интеграциялануына ықпал ету [5]. Олардың пікірінше, транслингвизм – бұл сөйлеушіні түсінуді жеделдету және оқушының екі тілді белсенді қолдану арқылы оларды қостілділік біліктілігін жетілдіру үшін пайдалану [5, 641–654-б.].

Екінші тілді оқыту мен зерттеуге қатысты аудармашы ғалым Суреш Канагаража тілді үйретуде ана тілінің мүмкіндігін молынан қолдану тәсілін жақтайды. Оның пайымдауынша, сөйлеу мен сөздің астарында жатқан ишара, тұспал көбінесе сөздің өзінен маңыздырақ, ал транслингвизмнің тілдердің арасындағы ықпалдасу кеңістігін зерттеуі тараптардың бір-бірін жақсы түсініп, өзара еркін қарым-қатынасқа түсуіне ықпал етеді.[6, 767–785-б.]. Атап айтқанда, екінші тілді үйренуге арналған транслингвалды тәсіл бір тілдің негізінде оқытуды емес, тілдердің табиғатының өзара байланысын мойындай отырып, әр түрлі тілдің контекстінде ойды жеткізуге көмек береді.

Көптеген ғалымдар қос тілді билингвтердің тілдік тәжірибесі бір-біріне тәуелді екенін және үйренушінің ана тілі тәжірибесін дамыту жаңа тілдегі академиялық құзыреттіліктің артуына әкелетінін бірауыздан құптайды. Мысалы, ғалымдар К. Селик пен К. Сетцердің анықтамасы бойынша, транслингвизм – қостілді студенттерге оқу мазмұнын тыңғылықты оқыту және тілді академиялық тұрғыдан қолдану үшін олардың барлық тілдік әлеуетін икемді түрде пайдаланатын педагогикалық стратегия [7, 184-6.]. Ал бір тілдік бағытты жақтаушы ғалымдардың бірі Б. Сутрисно өз зерттеулерінің нәтижелеріне сүйене отырып, «...сабақта біртілділік саясатын қолдану ғана оқушылардың тілді меңгерудегі және оқу процесіне қатысудағы мүмкіндіктерін аша алады» [8, 547–554-б.] деген қорытындыға келеді.

Жоғарыда жасалған талдаулардан байқағанымыз шетелдік ғалымдардың еңбектерінде транслингвалдылық және тілдерді транслингвалды аспектіде оқыту мәселесі жан-жақты қарастырылғанымен олардың бұл мәселеге көзқарастары әртүрлі. Ғалымдардың бір тобы транслингвалдылық тәсілді тіл үйретуде қолдану білімгерлердің өз тілдерін тілдік қатынаста ұтымды қолдануы олардың ұлттық бірегейлігін сақтауға мүмкіндік береді десе, екінші бір тобы тіл үйретуде басқа тілді араластырғаннан гөрі жасанды тілдік орта жасау анағұрлым тиімді деген пікір айтады.

Қазіргі ТМД елдері ғалымдары да транслингвалдылық және тілдерді транслингвалды аспектіде оқыту мәселесін жан-жақты зерттеп, осы мәселе төңірегінде біраз еңбектер жарық көрген.

Атап айтқанда, ғалым З. Г. Прошина транслингвизмнің жаңа парадигмасына қатысты мәселелер мен концепцияларға жан-жақты

талдау жасай келе, лингводидактикадағы транслингвизм – сөйлеушінің коммуникативті репертуарын пайдалану нәтижесінде тілдер мен мәдениеттердің бір-біріне кедергісіз тоғысуын жүзеге асыру деген тұжырым жасайды [9, 6–9-б.]. Ғалым Н.В.Головка шетелдік ғалымдардың еңбектерін жан-жақты саралап, талдай келе, олар «транслингвалдылықты педагогикалық әдіс немесе университет сабақтарында тілдерді немесе шет тілінде мамандандырылған пәндер мен тілді кіріктірі оқыту (CLIL) кезіндегі құрал ретінде қолдануды ұсынады» деп пайымдайды. Зерттеудің өзектілігі қазіргі уақытта шетелдік ғалымдар мен педагог-практиктер белсенді түрде дамытып жатқан транслингвизмнің теориялық тұжырымдамасының жаңашылдығын айқындауымен сипатталады [10, 137–154-б.]. Әдіскер ғалымдар Куриленко В. Б., Бирокова Ю. Н болгар студенттеріне орыс тілін транслингвалды қырынан оқытуға қатысты мәселелерді жан-жақты талдай келе, оны тәжірибеде қолданудың нақты бағыттарын көрсетеді. Олардың ұсынымдары осы саладағы теориялық және практикалық әзірлемелерді біріктіруге, біртұтас тұтастыққа жинақтауға, әдістемелік назарды тілдердің өзара әрекеттесуі мен өзара ықпалына аударуға мүмкіндік береді [11, 174–178-б.]. Ал ғалымдар Унарокова Р. Б., Минакова В. Ю. мақаласында «транслингвизмнің» теориялық қағидаларын аз ұлттардың тілдерін оқытуда қолдану мүмкіндігі талданады. Зерттеудің теориялық және практикалық маңыздылығы англо-американдық академиялық әлемде үстемдік ететін ұғымдар мен тәжірибелерді жергілікті халықтардың тілдерін, адыгей тілін сақтаудың өзекті мәселелерімен салыстыру талпыныстарында, сондай-ақ талқыланған қағидалардың зерттеуге қолдану мүмкіндігін сыни тұрғыдан бағалауларында жатыр [12, 74-б.]. Санкт-Петербург политехникалық университетінің ғалымдары Л. П. Халяпина, Е. В. Шостакар еңбегінде плюрилингвалдық және транслингвалдық тәсілдердің ерекшеліктері мен мүмкіндіктері қарастырылып, оларға ғылыми-теориялық тұрғыда салыстырмалы талдау жасай келе, эксперименталды оқытудың алғашқы нәтижелерін практикалық жағынан қолданудың ұтымды жолдарын ұсынады [13, 119–130-б.].

Жоғарыда аталған еңбектерді талдап, саралау барысында байқағанымыз, ТМД елдері авторларының еңбектерінде аталмыш мәселені шешуде көптілді және транслингвалдық тәсілдердің ерекшеліктері мен дидактикалық мүмкіндіктері кеңінен қарастырылып, олардың қызмет ету принциптері мен мазмұндық құрамдас бөлігі, ғылыми-теориялық негіздері қарастырылған. Ұсынылған еңбектерде транслингвалдық тәсілге салыстырмалы талдау жасалып, оны практикалық тұрғыда қолданудың жолдары нақты ұсынылған. Авторлар транслингвизмді тілдерді меңгертудің жаңа парадигмасы ретінде талдап, оның тілдік және мәдени ресурстарды біріктірудегі артықшылықтарын көрсетеді. Сондай-ақ, студенттердің когнитивтік икемділігін арттыруға

және мәдениетаралық түсіністікті дамытуға ықпал ететін транслингвалды оқытудың маңыздылығы атап өтіледі. Сонымен қатар аз ұлттардың тілін оқытуда транслингвалдық тәсілдің оң және кері ықпалына да баса назар аударылған. Ғалымдардың тұжырымдауынша, бұл тәсіл сонымен қатар қостілділік және көптілділік санасындағы гетерогенді жүйелерді, бірліктерді үйлестіру, қарым-қатынас процесінде олардың байланысы мен кодаралық ауысу дағдыларын дамыту саласындағы жаңа бағыттағы ғылыми-теориялық және әдістемелік зерттеулерге жол ашады.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Зерттеу Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің AP23487324 «Қазақ тілін түркітілдес студенттерге цифрлық технологиялар негізінде транслингвалды аспектіде оқыту» 2024–2026 жж. гранттық жобасы аясында дайындалды.

Қорытынды

Жоғарыда айтылған тұжырымдарды қорытындылай келе, түйгеніміз тілдерді екінші тіл немесе шет тілі ретінде оқытуда оқытушы мен білімгер әрекетінің белсенділігін арттыруға бағытталған транслингвалды аспектіде оқыту, олардың бірлескен күшінің ең аз мөлшері емес, ең көп мөлшерімен байланысты болуы тиіс. Тілді транслингвалды аспектіде оқытуда оқу процесіне қатысушылардың белсенділігі – оқытушы жағынан ұстаздық және оқушы жағынан танымдық-әрекеттік белсенділік жоғары болуы керек. Яғни, оқу үрдісінде әрекет жасаушы екі жақтың (оқытушы мен оқушы) танымдық және тұлғалық деңгейінің жетілуіне, жандануына мүмкіндік жасайтын оқытуды транслингвалды аспектіде оқыту жүйесі деп атауға толық болады. Ал оқытушы мен білімгер тұлғасы ішкі мүмкіндіктерінің белсенділігін арттыру арқылы ұжымның жеке мүмкіндігінің белсенділігін арттыру біз үшін тілдерді екінші тіл немесе шет тілі ретінде транслингвалды аспектіде оқыту түсінігінде басты мәселе болып саналады.

Зерттеу еңбектерде алыс-жақын шетел мамандарының мектеп және университет сабақтарында транслингвалдық тәсілді қолданудағы негізгі көзқарастары, мектеп оқушыларымен және студенттермен транслингвалды жұмыс формалары айқындалып, осы тәсілдер мен формалардың тиімділігін айғақтайтын оңтайлы педагогикалық жағдайлар атап өтілген. Сондықтан зерттеу жұмыстарында келтірілген тәжірибелік материалдарды, әдістемелік ұсынымдарды тілдерді транслингвалдық аспектіде оқытудың жүйесі ретінде отандық білім беру саласында, транслингвалдық тәсіл бойынша ұсынылған тұжырымдарды тілдерді екінші тіл және шет тілі ретінде оқытудың ғылыми-теориялық негізі ретінде басшылыққа алуға болады.

Ойымызды тұжырымдай келе, жаһандық тәжірибе мен ұлттық сабақтастық негізінде транслингвизмді лингводидактикалық тұрғыдан

зерттеудің өнімділігін, тілдерді оқыту теориясы мен әдістемесі саласының теориялық және әдіснамалық аппаратына транслингвалдық тәсілді енгізудің келешегі зор деп санаймыз. Бұл транслингвизмді тілдерді оқытудың жаңа бағыттағы жолы ретінде тануға, транслингвалдылық ұғымының анықтамасын нақтылауға, қазақ тілін шет тілі ретінде транслингвалды аспектіде оқытудың ғылыми-теориялық негізін айқындауға мүмкіндік берді.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Абилкасымова, А. К., Акжигитова, А. Ш.** Транслингвизм мәселелерін зерттеудің теориялық методологиялық негіздері [Мәтін] // Ш. Уәлиханов атындағы КҰ хабаршысы. Филология сериясы. – № 4, 2023. – 200–210-б.

2 **Абилкасымова, А. К., Акжигитова, А. Ш., Әубәкір, С. С.** Транслингвизмдегі дискурсивті тәжірибе : жастардың күнделікті қарым-қатынастағы таңдау тілі [Мәтін]. // Торайгыров университетінің хабаршысы. Филология сериясы. – 2024. – № 1. – ISSN 2710-3528. – 6–17-б.

3 **Li, W.** Research perspectives on bilingualism and multilingualism. In W. Li & M. Moyer (Eds.), *The Blackwell handbook of research methods on bilingualism and multilingualism*. – Oxford, UK : Blackwell, 2008. – P. 4/172.

4 **Замель, В. К.** Модели транскulturации [Текст]. – Т. 31. – № 2. – 1997. – С. 341–352.

5 **Lewis, G., Jones, B., Baker, C.** Translanguaging: origins and development from school to street and beyond. [Text] // *Educational Research and Evaluation*, 2012. – 18(7). – P. 641–654. – <https://doi.org/10.1080/13803611.2012.718488>

6 **Canagarajah, A. Suresh.** In search of a new paradigm for teaching English as an International Language [Text] // *TESOL Journal*. – 2014. – Vol. 5. – № 4. – P. 767–785.

7 **Celic, Ch., Seltzer, K.** Translanguaging : A CUNY-NYSIEB Guide for Educators [Text]. – New York : The City University of New York, 2011. – P. 184.

8 **Sutrisno, D. B.** Translanguaging Practices within Indonesian EFL Classrooms: A Review of the Literature [Text]. // *Journal of Languages and Language Teaching*, 2023. – 11(3). – P. 547–554. – <https://doi.org/10.33394/jollt.v11i3.8265>

9 **Прошина, З. Г.** Проблемы и перспективы транслингвальных и транскulturальных контактов [Текст] // *Социальные и гуманитарные науки на Дальнем Востоке*. – Хабаровск, 2016. – № 2(50). – С. 6–9.

10 **Головко, Н. В.** Трансязычие как метод обучения в зарубежной лингводидактике [Текст] // *Вестник МГПУ. Серия «Филология. Теория языка. Языковое образование»*. 2022. – 4(48). – 137–154. – <https://doi.org/10.25688/2076-913X.2022.48.4.11>

11 **Куриленко, В. Б., Бирюкова, Ю. Н.** и др. Транслингвальный подход в обучении русскому языку болгарских учащихся [Текст] // Журнал «Современное пед.образование». 2020. – 3. – С. 174–178.

12 **Унарокова, Р. Б., Минакова, В. Ю.** Принципы «трансязычия» и преподавание миноритарных языков на примере адыгейского языка: к постановке проблемы [Текст] // Ежеквартальный рецензируемый, реферируемый научный журнал «Вестник АГУ». – Выпуск 4 (267). – 2020. – 74–80-б.

13 **Халыпина, Л. П., Шостак, Е. В.** Плюрилингвальный и транслингвальный подходы как новые тенденции в теории интегрированного обучения иностранным языкам и профессиональным дисциплинам студентов технических вузов [Текст] // Вестник ПНИПУ. Проблемы языкознания и педагогики № 2. – 2019. – С. 119–130. – <https://doi.org/10.15593/2224-9389/2019.2.11>

References

1 **Abilkasy`mova, A. K., Akzhigitova, A. Sh.** Translingizm мәselelerin zertteudıń teoryialyq metodologiyalyq negızderi. [Theoretical methodological foundations of the study of the problems of translingism] [Text] // Bulletin of the ualikhanov KU. Philology series. – No. 4. – 2023. – P. 200–210

2 **Abilkasymova, A. K., Akjigitova, A. Ş., Äubäkur, S. S.** Translingvizmdegi diskursivtı täjiribe: jastardyn kündelikti qarym-qatynastağy tarıdaı tılı. [Discursive experience in translingualism: the language of choice of young people in everyday communication] [Text] // Bulletin of toraigrov University. Philology series. – 2024. – No. 1. – ISSN 2710-3528. – 6–17 P.

3 **Li, W.** Research perspectives on bilingualism and multilingualism. In W. Li & M. Moyer (Eds.), The Blackwell handbook of research methods on bilingualism and multilingualism. – Oxford, UK : Blackwell, 2008. – P. 4/172.

4 **Zamel, V. K.** Modeli transkulturasii. [Transculturation models] [Text] // Vol. 31. – No. 2. – 1997. – pp. 341–352.

5 **Lewis, G., Jones, B., Baker, C.** Translanguaging: origins and development from school to street and beyond. Educational Research and Evaluation [Text], 2012. – 18(7). – P. 641–654. – <https://doi.org/10.1080/13803611.2012.718488>

6 **Canagarajah, A. Suresh.** In search of a new paradigm for teaching English as an International Language [Text] // TESOL Journal. – 2014. – Vol. 5. – № 4. – P. 767–785.

7 **Celic, Ch., Seltzer, K.** Translanguaging : A CUNY-NYSIEB Guide for Educators [Text]. – New York : The City University of New York, 2011. – p. 184.

8 **Sutrisno, D. B.** Translanguaging Practices within Indonesian EFL Classrooms : A Review of the Literature[Text]. Journal of Languages and Language Teaching. 2023. – 11(3). – P. 547–554. – <https://doi.org/10.33394/jollt.v11i3.8265>

9 **Prošina, Z. G.** Problemy i perspektivy translingvalnyh i transkulturnyh kontaktov.[Problems and prospects of translingual and transcultural contacts]. [Text] // Social sciences and Humanities in the Far East. – Khabarovsk, 2016. – № 2(50). – P. 6–9.

10 **Golovko, N. V.** Transъязычие как метод обучения в зарубежной лингводидактике. [Translingualism as a teaching method in foreign linguodidactics] [Text] // Bulletin of the Moscow State Pedagogical University. The series «Philology. Theory of language. Language education». 2022. – 4(48). – 137–154. – <https://doi.org/10.25688/2076-913X.2022.48.4.11>

11 **Kurilenko, V. B., Biryukova, YU. N.** i dr. Translingvalnyi podhod v obuchenii russkomu yazyku bolgarskih uchashihsya. [A translingual approach to teaching Russian to Bulgarian students] [Text] // The journal «Modern pedagogical education». – 2020. – 3. – P. 174–178.

12 **Unarokova, R. B., Minakova, V. Yu.** Printsipy «transъязычиya» i prepodavanie minoritarnykh yazykov na primere adygeiskogo yazyka: k postanovke problemy. [The principles of «translingualism» and the teaching of minority languages on the example of the Adyghe language: towards a problem statement] [Text] // Quarterly peer-reviewed, refereed scientific journal «Bulletin of ASU». Issue 4 (267). – 2020. – 74–80 p.

13 **Halyapina, L. P., Şostak, E. V.** Plyurilingvalnyi i translingvalnyi podhody kak novye tendentsii v teorii integrirovannogo obucheniya inostrannym yazykam i professionalnym distsiplinam studentov tekhnicheskikh vuzov. [Plurilingual and translingual approaches as new trends in the theory of integrated teaching of foreign languages and professional disciplines to students of technical universities] [Text] // Bulletin of PNRPU. Problems of Linguistics and Pedagogy No. 2. – 2019. – pp.119–130. – <https://doi.org/10.15593/2224-9389/2019.2.11>

16.01.25 ж. баспаға түсті.

24.01.25 ж. түзетулерімен түсті.

25.08.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

К. Б. Жаксылыкова¹, С. А. Оданова², А. Ж. Үдербаев³,

*Р. М. Ускенбаева⁴, Г. К. Шахажанова⁵

^{1,2,3,4,5}Казахский национальный

исследовательский технический

университет имени К. И. Сатпаева,

Республика Казахстан, г. Алматы.

Поступило в редакцию 16.01.25.

Поступило с исправлениями 24.01.25.

Принято в печать 25.08.25.

ТРАНСЛИНГВИЗМ И КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК: МИРОВАЯ ПРАКТИКА И НАЦИОНАЛЬНАЯ ПРЕЕМСТВЕННОСТЬ

В статье рассматриваются проблемы изучения транслингвистического аспекта обучения языкам, как одного из новых направлений в преподавании языков как второго или иностранного, на основе которого будут определены научно-теоретические основы обучения казахскому языку тюркоязычных студентов посредством транслингвального подхода. Целью статьи является определение научно-теоретических основ и выявление основных принципов обучения казахскому языку тюркоязычных студентов посредством транслингвального подхода. Для достижения поставленной цели нами были рассмотрены и проанализированы научно-теоретические, научно-методические труды и работы ученых, опубликованных в разные годы в зарубежной и отечественной лингвистике и методике по данной проблеме, проведен обзор и анализ исследований по проблеме преподавания языков как иностранный и второй язык в транслингвальном аспекте. Проблема транслингвизма начала рассматриваться в отечественной лингвистике и социолингвистике сравнительно недавно, в методической науке данная проблема еще не изучена. В связи с этим назрела необходимость изучения основных понятий, значения и типологии транслингвального подхода в трудах отечественных и зарубежных исследователей; проведения теоретико-методологического обзора фундаментальных научных трудов отечественных и зарубежных ученых, направленного на определение значимости внедрения транслингвального подхода в обучение, в теоретико-методический аппарат современной лингводидактики. В результате были выявлены основные принципы обучения языков в транслингвальном аспекте, а также определены его научно-теоретические основы.

Ключевые слова: транслингвистический аспект, транслингвизм, многоязычие, смешение кодов, казахский язык, второй язык, парадигма.

K. B. Zhaxylikova¹, S. A. Odanova², A. Uderbayev³,

**R. Uskenbayeva⁴, G. K. Shakhazhanova⁵*

^{1,2,3,4,5}*К. I. Satpayev* Kazakh National

Research Technical University,

Republic of Kazakhstan, Almaty.

Received 16.01.25.

Received in revised form 24.01.25.

Accepted for publication 25.08.25.

TRANSLINGUALISM AND THE KAZAKH LANGUAGE: GLOBAL PRACTICE AND NATIONAL CONTINUITY

The article deals with the problems of studying the translinguistic aspect of language teaching as one of the new directions in teaching languages as a second or foreign language, on the basis of which the scientific and theoretical foundations of teaching the Kazakh language to Turkic-speaking students through the translingual approach will be determined. The purpose of the article is to determine the scientific and theoretical foundations and identify the main principles of teaching the Kazakh language to Turkic-speaking students through the translingual approach. To achieve this goal, we reviewed and analyzed the scientific and theoretical, scientific and methodological works and developments of scientists published in different years in foreign and domestic linguistics and methodology on this problem, a review and analysis of studies on the problem of teaching languages as a foreign and second language in the translingual aspect. The problem of translingualism began to be considered in domestic linguistics and sociolinguistics relatively recently, in methodological science this problem has not yet been studied. In this regard, there is a need to study the basic concepts, meaning and typology of the translingual approach in the works of domestic and foreign researchers; conducting a theoretical and methodological review of fundamental scientific works of domestic and foreign scientists aimed at determining the significance of introducing the translingual approach to teaching, in the theoretical and methodological apparatus of modern linguodidactics. As a result, the basic principles of teaching languages in the translingual aspect were identified, and its scientific and theoretical foundations were determined.

Keywords: translinguistic aspect, translingualism, multilingualism, codemixing, Kazakh language, second language, paradigm.

Теруге 25.08.2025 ж. жіберілді. Басуға 30.09.2025 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

5,18 МБ RAM

Шартты баспа табағы 31,59. Таралымы 300 дана.

Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4438

Сдано в набор 25.08.2025 г. Подписано в печать 30.09.2025 г.

Электронное издание

5,18 МБ RAM

Усл. печ. л. 31,59. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4438

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz